

Республикалық маңызы бар Арыс және Қарақтау мемлекеттік қорық аймағының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 23 мамырдағы N 138-ө
Өкімі

"Республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтарын ұйымдастыру туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 382 қаулысының 3-
тармағын орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан
Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігімен және Оңтүстік Қазақстан
облысының әкімдігімен бірлесіп:

1) 2005 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде алаңы 4000 гектар аумақтағы "Заречное"
кен орнының жұмыс істейтінін ескере отырып, республикалық маңызы бар Арыс және
Қарақтау мемлекеттік қорық аймағының шекарасын нақтыласын;

2) 2005 жылдың аяғына дейін жалпы алаңы 4000 гектар жер учаскесін Оңтүстік
Қазақстан облысы Отырар ауданының жер қоры санатынан ерекше қорғалатын табиғи
аумақтар жерінің санатына республикалық маңызы бар Арыс және Қарақтау
мемлекеттік қорық аймағына ауыстыру жөніндегі материалдарды дайындауды
қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан
Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, 2005 жылдың аяғына
дейін заңнамада белгіленген тәртіппен "Шетелдік инвестициялармен
Қазақстан-Ресей-Қырғыз бірлескен кәсіпорны "Заречное" акционерлік қоғамының "
Заречное" кен орнын игеруін ескере отырып, республикалық маңызы бар Арыс және
Қарақтау мемлекеттік қорық аймағы үшін қосымша арнайы экологиялық талаптар
енгізсін.

3. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" акционерлік қоғамына (келісім
бойынша) осы өкімде көзделген іс-шаралардың қаржыландырылуын қамтамасыз ету
ұсынылсын.

Премьер-Министр